

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1267 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 938 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.08.2014 N 938 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін :

1) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1112 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 40, 523-құжат):

2-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

3-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі комитеттерінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 626 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 24, 251 - құжат) :

2-тармақтың 1) және 2) тармақшалары алынып тасталсын;

3-тармақ алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 1) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 2) тармақшасын қоспағанда, осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1267 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1112 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, Азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы салааралық үйлестіру, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесін құруды және одан әрі дамытуды қамтамасыз ету, өрттің алдын алуды және сөндіруді ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары (бұдан әрі - аумақтық органдар), ведомстволық бағынысты ұйымдары мен ведомстволары: Өртке қарсы қызмет комитеті, Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті, Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті бар.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Министрліктің, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

6. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрдің бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Министрліктің штат санының лимитін оның аумақтық органдары мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының санын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Министрліктің құрылымы мен штат санын Төтенше жағдайлар министрінің (бұдан әрі - Министр) келісімінен кейін жауапты хатшы не жауапты хатшы өкілеттігін жүзеге асыратын лауазымды адам бекітеді.

8. Министрліктің заңды мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 22.

9. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға т ү с у г е т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің негізгі міндеттері мен функциялары

13. Министрліктің негізгі міндеттері: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, Азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резерв, салааралық үйлестіру, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласындағы, Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын мемлекеттік бақылау, өрттің алдын алуды және сөндіруді ұйымдастыру, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесін құруды және одан әрі дамытуды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру болып табылады.

14. Министрлік қолданыстағы заңнамаға және өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, Азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резерв, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және одан әрі дамытуды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, Азаматтық қорғаныс, өрт

және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резервтер, апаттар медицинасы қызметі бойынша міндеттерді шешуге бағытталған бағдарламалық құжаттарды әзірлеу, бекіту;

төтенше жағдайлардан халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғаудың жай-күйі туралы мемлекеттік баяндамаларды дайындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу;

Азаматтық қорғанысқа тікелей басшылық ету;
халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының аумағында шетел ұйымдары мен азаматтарының төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі қызметтерін қамтамасыз ету ;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік және жұмылдыру резервтері құрамында бар материалдық-техникалық, азық-түліктік, медициналық және басқа да ресурстар қорларын пайдалану туралы, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат пайдалану туралы ұсыныстар енгізу;

төтенше жағдайларды жоюға басшылықты жүзеге асыру;
орталық және жергілікті атқарушы органдардың және ғылыми ұйымдардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, Азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы жұмыстарын үйлестіру ;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, Азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резерв саласында ғылыми зерттеулерді, білімді насихаттауды, халықты оқытуды ұйымдастыру;

ізгілік акцияларын дайындау және өткізуге қатысу және оларды ұйымдастыру ;

мемлекеттік органдарды, халықты және ұйымдарды қажетті қауіпсіздік, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шаралар туралы хабардар етуді ұйымдастыру ;

халықты және шаруашылық субъектілерін техногендік авариялар, болуы мүмкін су тасқындары, селдер, сырғымалар мен басқа да экзогендік құбылыстар мониторингі және олар туралы хабардар ету жүйесін ұйымдастыру;

халықты хабардар ету және байланыс жүйесін дереу пайдалануға тұрақты дайындығын, олардың жабдықталуы мен дамуын қамтамасыз ету;

техникалық регламенттерді бекітуді қоспағанда, төтенше жағдайлар, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, Азаматтық қорғаныс, мемлекеттік материалдық резервтер саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, әдістемелік нұсқауларды, стандарттарды бекіту, келісу;

төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою бойынша күштер мен құралдарды құру, дайындау және дайындықта ұстау;

төтенше жағдайларды жою кезінде меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдыру;

халықты, елді мекендерді және шаруашылық объектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөніндегі перспективалық және ағымды жоспарларды және оларды жою бойынша іс-әрекеттер жоспарларын әзірлеу;

ұйымдардың басшылары мен халықты қорғау тәсілімен қазіргі заманғы құралдарды қолдану кезінде және төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттерге оқытуды ұйымдастыру;

мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесе отырып, олардың құзыреттері шегінде төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соқтырған аварияларды, дүлей зілзалалар мен апаттарды тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;

төтенше жағдайлар саласында мемлекеттік сараптамаға басшылық жасау және қажет болған жағдайда халықаралық сараптау ұйымдарын тарта отырып, тәуелсіз сараптама ұйымдастыру;

зардап шеккендерге, оның ішінде авариялық-құтқару қызметінің жұмысшыларына табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында шұғыл медициналық көмек көрсету;

материалдық-техникалық ресурстардың қорларын құру және пайдалану; қолданыстағы заңнамаға сәйкес төтенше жағдайларды жою кезінде меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдыруды ұйымдастыру;

төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

Азаматтық қорғаныс күштерімен оның қарамағындағы жағдайды байқау, бақылау және болжау қызметтерімен, төтенше жағдайларды республикалық автоматтандырылған ақпараттық басқару жүйесімен төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі іс-шараларға басшылық жасау;

Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің жеке құрамын, Азаматтық қорғаныс ұйымдары мен құрамаларының басшыларын, халықты Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою бойынша даярлау бағдарламаларын әзірлеу;

Азаматтық қорғаныс міндеттерін шешуге, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюға бағытталған мақсатты бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының аумағында Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мүдделерінде қару-жарақ, техника, қорғаныс құралдары және басқа да материалдық-техникалық құралдардың қажеттілігін айқындау;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, Азаматтық қорғаныс саласындағы білімді насихаттау, халықты, лауазымды адамдар мен ұйымдардың мамандарын оқыту;

Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерін, кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларын, Апаттар медицинасы орталығын авариялық-құтқару және басқа да күттірмес жұмыстарды жүргізу кезінде басқару ;

Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің әскери және жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету;

Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінің жеке құрамын және өзге де ведомстволық бағынысты ұйымдарды, Азаматтық қорғаныстың ұйымдары мен құрамаларының басшыларын, халықты азаматтық қорғаныс бойынша дайындауды ұйымдастыру ;

бейбіт және соғыс уақытында Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс жоспарын әзірлеу және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну ;

бейбіт және соғыс уақытында Азаматтық қорғаныс жоспарын бекіту, оларды ведомстволық бағынысты аумақтарда іске асыру бойынша басшылықты жүзеге асыру ;

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, сондай-ақ халқы орындау үшін міндетті Азаматтық қорғанысты даярлау және жүргізу мәселелері бойынша өз құзыреті шегінде шешімдер әзірлеу, қабылдау;

Азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен күштерін дайындауды ұйымдастыру ;

Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар саласында нормативтік құқықтық актілер әзірлеу ;

Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтері туралы ережелерді бекіту ;

қалаларды және шаруашылық жүргізуші объектілерді санаттарға бөлу дәрежесіне байланысты Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемін бекіту және ұстау;

өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет өткеруі туралы ережесін әзірлеу;

меншік нысанына қарамастан өртке қарсы қызметтің жұмысын үйлестіру;

авариялық-құтқару қызметтері мен меншік нысанына қарамастан құрамаларының қызметтерін үйлестіру;

төтенше жағдайлар саласында мемлекеттік есепті жүргізу;

өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында, оның ішінде мамандандырылған мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарын тарта отырып, нормативтік құқықтық актілер әзірлеу;

өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпарат ұсыну тәртібін айқындау ;

өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу ;

өнеркәсіптік қауіпсіздік мониторингін жүргізу;

төтенше жағдайларды жою кезінде құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын субъектілерді аттестаттаудан өткізу;

ведомстволық бағынысты ұйымдарды, оның ішінде жасақтар мен апаттар медицинасының далалық көшпелі госпиталдарын, сондай-ақ коммерциялық емес төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы мамандандырылған оқу орындарын құру және қайта ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды өткізу;

суда құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу;

ұйым құрамында қауіпті өндірістік объектілер санатына жататын объектілерді қауіпті өндірістік объектілерді бірегейлендіруге негізгі талаптарды белгілеу ;

мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен операция жасаудың тиісті ережелерін әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну ;

мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және сақтау бойынша шығыстардың көлемі мен құрылымы жөнінде Үкіметке ұсыныстар енгізу;

мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқару, оның ішінде мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау номенклатурасы мен нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну;

мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінің бейіні өзгерген, олар қайта құрылған не таратылған жағдайда мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын ауыстыру туралы шешім қабылдау;

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын өрт-техникалық өнімдерінің түрлерін айқындау ;

мемлекеттік резервке материалдық құндылықтарды қоюға тапсырыстарды орналастыру туралы шешімдер қабылдау ;

материалдық резервке материалдық құндылықтарды қоюға тапсырыс

қ а л ы п т а с т ы р у ;

материалдық құндылықтарды шығару (жаңарту тәртібінде) және мемлекеттік резервке қою туралы шешімдер қабылдау;

жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы уәкілетті органмен және қорғаныс саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жұмылдыру және мемлекеттік резервтердің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінің тізбесін қалыптастыру және бекіту;

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесінің бірыңғай ақпараттық-коммуникациялық жүйесін және бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туралы хабарлау жүйесін әзірлеу және басқару;

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі және Азаматтық қорғаныс саласында заңды және жеке тұлғаларға электрондық қызмет көрсетулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету.

15. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ведомстволарға мыналар жөніндегі функциялар жүктелуі мүмкін:

өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы білімді насихаттау, халықты, лауазымды адамдар мен ұйымдардың мамандарын оқыту;

өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік есеп жүргізу;

объектілерді салуға өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін стандарттардың, нормалар мен ережелердің жобаларын келісу;

өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамындағы қызметке тағайындалған және белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылған әскери міндеттілердің арнайы есебін жүргізу;

лицензиарлардың біліктілік талаптарына сәйкес олардың өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне қорытындылар беру;

өртке қарсы нормалар мен ережелер талаптарының сәйкестігіне кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар және жекелеген қондырғылардың аяқталған құрылысын пайдалануға қабылдау жөніндегі жұмыс және мемлекеттік комиссиялардың жұмысына қатысу;

ел қоныстанған аумақтарда, стратегиялық, аса маңызды мемлекеттік объектілер мен мемлекеттік меншіктегі тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін өрттерден қорғау және оны сөндіру бойынша қызметті қамтамасыз ету ;

қауіпті өндірістік объектілерді есепке алу;

техникалық қондырғыларды, материалдарды қабылдау сынағынан өткізуді келісу ;

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына

ұйымдарды аттестаттауды жүзеге асыру;

жұмыстардың қауіпті түрлерін жүргізу кезінде технологияларды, техникалық қондырғыларды, материалдарды (оның ішінде шетелдік) қолдануға, дайындауға р ұ қ с а т т а р б е р у ;

халықты ақпараттандыру және өрт қауіпсіздігі саласындағы қауіпті өндірістік объектілердегі авариялардың алдын алу мен оларды жою шараларын ұ й ы м д а с т ы р у ;

өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске а с ы р у д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;

өртке қарсы қызмет бөлімшелерін жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туындаған кезде олардың жұмысының орнықтылығын арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу, өртке қарсы қызмет органдарының жұмылдыруға тұрақты дайындығын қамтамасыз ету;

өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жүргізуді жүзеге асыру;

өрттерді анықтау және сөндірудің автоматтандырылған құралдарын енгізу жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

өз құзыреті шегінде өрттерді анықтауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және олардың негізінде сотқа жеке немесе заңды тұлғаның қызметін ішінара немесе толықтай тоқтату немесе тыйым салу туралы талап арыз жасау және жіберу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өрттердің алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

ведомстволық бағынысты әскерилендірілген тау-кен-құтқару, газдан құтқару және атқыламаға қарсы қызметтер мен құрамалардың қызметіне басшылық ж а с а у ;

тексеру жүргізу және лицензиарлардың сұраулары бойынша лицензиаттың қойылған талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды беру;

авариялар мен өндірістік жарақат алулардың туындау себептері мен жағдайларына талдау жүргізу;

тау-кен жұмыстарын дамытудың ағымды және перспективалық жоспарларын ұ й ы м д а р д а к е л і с у ;

мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау және жаңалауды ж ү з е г е а с ы р у ;

мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын орналастыру, сақтау, толықтыру, қайта орналастыру, жаңалау және нысаналы пайдалану кезінде нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету;

мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінің бейіні өзгерген, қайта құрылған немесе таратылған жағдайларда мемлекеттік

резервтің материалдық құндылықтарын ауыстыруды қамтамасыз ету;
мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын орналастыру, есепке алу,
сапалық және сандық сақталуын қамтамасыз ету;
мемлекеттік материалдық резерв саласындағы мемлекеттік құпияны сақтауды
қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау;
қарызға алу тәртібімен алушымен материалдық құндылықтарды шығаруы
туралы шарт (келісім-шарт) жасасу;
операцияға қатысушылармен шарттардан туындайтын талаптар бойынша
мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен борышты және
тұрақсыздық айыптарын өндіріп алуды жүзеге асыру;
төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөнінде, өнеркәсіптік
қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге
а с ы р у ;

Қазақстан Республикасында мемлекеттік өрт бақылауын жүзеге асыру;
өрт қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттермен белгіленген
талаптардың орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
елді мекендердегі және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан
объектілердегі өрт сөндіру бөлімшелерінің өртпен күресуге әзірліктерін
б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р у ;

салынып жатқан объектілерді олардың жобалық-сметалық құжаттамасының
және орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының өрт қауіпсіздігі
талаптарына сәйкестігін тексеру;

мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, кәсіпорындар мен тұрғын үйлерде өрт
қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің орындалуын
б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р у ;

азаматтарға, мемлекеттік ұйымдардың басшыларына анықталған
бұзушылықтарды жою және өрттің алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу
т у р а л ы н ұ с қ а м а л а р б е р у ;

мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен азаматтарға табиғи және техногендік
сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі міндетті
к ү ш і б а р н ұ с қ а м а л а р б е р у ;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдардың, жекелеген
өндірістердің, өндірістік учаскелердің, агрегаттардың жұмысын, субъектілердің
өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелерін бұза отырып жүзеге асырған
ғимараттар мен құрылыстардың, электр желілерінің, жылыту аспаптарының және
өрт қауіпті жұмыстарын жүргізуге тыйым салу, сондай-ақ ұйымды, объектіні,
құрылысты, ғимаратты салу, қайта жаңғырту, кеңейту немесе техникалық қайта
жарақтандыру кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының жобаларында көзделген өрт
қауіпсіздігі талаптарын орындамаған кезде жұмысын ішінара немесе толық

т о қ т а т у ;

меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілеріндегі төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

өндірістік бақылаудың тиімділігін, ұйымдардың авариялар мен олардың салдарын жоюға дайындығын, қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар салдарын оқшаулау және жою жөніндегі жұмысты бақылау;

егер өнеркәсіптік қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес әзірленген аварияны жою жоспарында өзгеше тәртіп көзделмесе, қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар салдарын оқшаулау және жою жөніндегі жұмысты бақылау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қауіпті өндірістік объектілерде авариялық қауіп бар қызметті тоқтата тұру;

адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ақауы бар техникалық құрылғыларды, процестерді пайдалануға, өндірісті тоқтата тұруға, тоқтатуға байланысты болғандағы жағдайларды қоспағанда, бұл бұзушылықтарды жойғанға дейінгі кезеңге тыйым салу;

мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесе отырып, олардың құзыреттері шегінде авариялардың себептерін тексеруді жүргізу;

ғимараттарға, құрылыстарға, техникалық қондырғыларға, қауіпті өндірістік объектілердегі материалдарға техникалық куәландыру жүргізуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге дайындығын бақылауды жүзеге асыру;

қызметі үшінші тұлғаға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау бойынша міндеттерін қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің орындауын және олардың заңнамада белгіленген тәртіптерді сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

мемлекеттік резервтердің материалдық құндылықтарын сапалы және сандық сақтау үшін бақылауды қамтамасыз ету;

тиісті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары мен мамандарын мемлекеттік материалдық резервтер саласында тексеріс (тексеру) жүргізуге тарту ;

мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау және пайдалану тәртібін бұзған кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту мәселесін шешу үшін тексеріс (тексеру) материалдарын құқық қорғау органдарына жіберу;

сақтау пункттерінде сақталатын материалдық құндылықтардың сақталуын тексеріс (тексеру) жүргізу.

3. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

16. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады.

Министрдің Қазақстан Республикасының Үкіметі Министрдің ұсынымы бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары (вице-министрлері) бар.

17. Министр Министрлікке басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын, жүзеге асыруына дербес жауаптылықта болады.

18. Бұл мақсаттарда Министр:

1) Министрліктің иелігіндегі мемлекеттік басқару салаларындағы, төтенше жағдайлар аясында мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

2) заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді қамтамасыз етеді;

3) өзінің орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

4) Қазақстан Республикасының Парламентінде, барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Министрлікті білдіреді;

5) мемлекеттік органның ішкі аудит қызметінің жұмысын ұйымдастырады және мемлекеттік органда жүргізілген ішкі аудит туралы есепті бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне Министрліктің ерекше көзге түскен қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсыну және құрметті атақтар беру үшін ұсыныс енгізеді;

7) Министрліктің бұйрықтарына қол қояды, сондай-ақ Министрлік қызметкерлерінің орындауы міндетті нұсқама береді;

8) бөлімшелердің, ведомстволар мен ұйымдардың қызметтерін ведомстволық бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

9) бірыңғай кадрлық саясатты жүргізеді;

10) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

19. Министрліктің Министрдің жанындағы консультативтік-кеңесу органы болып табылатын алқасы болады. Алқаның саны мен дербес құрамын және ол туралы ережені Министр бекітеді.

20. Жауапты хатшы немесе жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын лауазымды адам:

1) Министр қалыптастыратын саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді, оның актілері мен тапсырмаларын орындайды;

2) Министрлік аппаратына басшылықты жүзеге асырады, оның бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

3) Министрліктің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

4) Министрмен келіскеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Министрліктің штат саны лимитінің шегінде Министрліктің, ведомстволардың, сондай-ақ аумақтық органдардың құрылымы мен штат санын б е к і т е д і ;

5) Министрмен келіскеннен кейін Министрліктің құрылымдық бөлімшелері және оның аумақтық органдары туралы ережелерді бекітеді;

6) Министрліктің тәртіптік, аттестаттау және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, кадр қызметінің жұмысын және құжат айналымын ұ й ы м д а с т ы р у д ы б а қ ы л а й д ы ;

7) Министрліктің қызметін қамтамасыз ету және оған жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мемлекеттік сатып алуды өткізуді ұйымдастырады;

8) Министрмен келіскеннен кейін Министрліктің департаменттері мен басқармаларының басшыларын, Министрліктің аумақтық бөлімшелері басшыларын және басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды ж әне қ ы з м е т т е н б о с а т а д ы ;

9) Министрдің ведомстволардың басшыларын тағайындау үшін ұсынатын ведомстволар басшыларының орынбасарларын тағайындауын келіседі;

10) еңбек қатынастарының мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда , Министрліктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы ;

11) Министрмен келісім бойынша, Министрліктің қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру м ә с е л е л е р і н ш е ш е д і ;

12) Министрмен келісім бойынша, еңбек қатынастарының мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Министрлік қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;

13) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Министр бекітетін Министрліктің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

14) Министрліктің жыл сайынғы жұмыс жоспарын және оның қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті әзірлеуді қамтамасыз етеді;

15) Министрліктің бюджеттік тапсырысын дайындауды, оны Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізілетін Министрге бюджеттік тапсырысты

ұсынуды, сондай-ақ бюджеттік процестің өзге де рәсімдерінің орындалуын
қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

16) Министрліктің қаржыландыру жоспарларын және оның қаржылық есептілігін әзірлеуді қамтамасыз етеді және Министрмен келіскеннен кейін б е к і т е д і ;

17) мемлекеттік қызметтер көрсету регламенттері мен стандарттарын әзірлеуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

18) Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

19) Министрлікке келісуге түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауды ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

20) өз өкілеттіліктері шегінде мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қатынастарда Министрлікті білдіреді;

21) Қазақстан Республикасының заңдарымен және Республика Президентінің актілерімен жауапты хатшыға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Өзіне жүктелген міндеттерін орындау үшін жауапты хатшы не жауапты хатшы өкілеттігін жүзеге асыратын лауазымды адам:

1) Министрлік аппаратының қызметкерлеріне орындауға міндетті т а п с ы р м а л а р б е р у г е ;

2) өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан жауапты хатшының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

3) жеке қолданылатын құқықтық актілер қабылдауға құқылы.

4. Министрліктің мүлкі

22. Министрліктің оқшауланған мүлікті жедел басқаруға құқығы бар. Министрліктің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен қалыптастырылады, және негізгі қорлардан, айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Министрліктің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктерден тұрады.

23. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Министрлік егер заңмен өзгеше белгіленбесе, қаржыландыру жоспары бойынша оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған өзіне бекітіп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК